




«Самұрық-Энерго» АҚ-ның
2020 жылдың 1-жартыжылдық
қызметінің нәтижелері

Нұр-Сұлтан қ. 2020ж.


ЖАЛПЫ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ, МЛН. КВТС

■ 1ЖЖ 2019 ж. ■ 1ЖЖ 2020 ж.

ЖАЛПЫ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ, МЛН. КВТС


■ 1ЖЖ 2019 ж. ■ 1ЖЖ 2020 ж.

	30.06.2019 жыл	30.06.2020 жыл	%
KZT/USD	380,53	403,83	106%


	30.06.2019 жыл	30.06.2020 жыл	%
KZT/EUR	433,08	455,12	105%

	30.06.2019 жыл	30.06.2020 жыл	%
KZT/RUB	6,04	5,77	96%


KZT/USD



KZT/EUR





KZT/RUB



Дата	Оқиға
01 қаңтар 2020ж.	2019 жылы қарыз қаражатын тарта отырып, ауқымды инвестициялық бағдарламаларды іске асыратын еншілес және тәуелді ұйымдар үшін Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен инвестициялық келісімшарттар жасалды және қуатына жеке тарифтер бекітілді. - «АлЭС» АҚ және «МГЭС» АҚ үшін тарифтер 01.01.2020 бастап, «ШарГЭС» АҚ үшін 01.03.2020 бастап енгізілді.
30 қаңтар 2020ж.	Инвестициялық бағдарламаларды қарауға қабылдау ережелеріне сәйкес (Энергетика министрлігінің 2017 жылғы 28 қарашадағы No 416 бұйрығы) «Қуаттылығы 500 МВт No1 энергоблогты қалпына келтіру» жобасы бойынша инвестициялық келісім-шарт жасау мақсатында, ГЭС-1 тиісті инвестициялық бағдарламаны нарықтық кеңестің қарауына жіберді. Инвестициялық бағдарламаны уәкілетті органда әрі қарай қарау үшін нарықтық кеңестің оң ұсынысы алынды.
21 мамыр 2020ж.	«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын елді мекеннің және қаржы орталығының орталықтандырылған сатып алу-сату, елді мекен мен қаржы орталығы электр энергиясының қайта есептеу және қайта бөлу тиісті үлесін күнтізбелік жылдың нәтижелері бойынша білікті шартты тұтынушыға қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы No 164 бұйрығына өзгерістер енгізілді (бұдан әрі - Ереже). Өзгерістер жаңартылатын энергия көздері объектілеріне Өтініш берушінің сұранысына сәйкес (кез келген нысанда), «ҚЕАО» ЖШС алдындағы міндеттемелерді орындамауды алып тастау шеңберінде Қағидалардың 106-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мерзімдерді 1 күнтізбелік жылдан аспайтын мерзімге ұзартуға мүмкіндік береді.
22 мамыр 2020ж.	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы No 205 бұйрығымен жаңа «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін тұрақты пайданы, сондай-ақ электр энергиясын теңгерімдеудің шекті тарифтерін бекіту кезінде ескерілген теңгерімдеу үшін тұрақты пайданы анықтау әдістемесі» бекітілді. Әдістеме «өтпелі кезеңді» қарастырады, оның барысында тұрақты пайда 2019 жылы электр энергиясын өндіруге кеткен шығындар негізінде есептеледі және 11,79% деңгейінде белгіленеді. RAB-реттеуге толық көшу 01.01.2021 ж. басталады.
17 маусым 2020ж.	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы No 416 «Инвестициялық бағдарламаларды қарауға, қарауға және таңдауға рұқсат беру ережесін бекіту туралы ...» бұйрығына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес инвестициялық келісімдер бойынша инвестициялардың рұқсат етілген көлемі 10% -дан 30% -ға дейін ұлғайтылды (жылы заттай нысанда 10-нан 30 млрд. теңгеге дейін), бұл өндіруші қуаттарды жаңарту, кеңейту, қайта құру және (немесе) жаңарту үшін салаға инвестициялардың келуіне ықпал етеді.
26 маусым 2020ж.	Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Компанияның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді несиелік рейтингін “BB” деңгейінде, болжам “Тұрақты”; қысқа мерзімді шетел валютасындағы несиелік рейтингін “B” деңгейінде; ұлттық ұзақ мерзімді рейтинг “A + (kaz)”, “Тұрақты” болжаммен растады. Агенттік сонымен қатар Компанияның несиелік рейтингін тәуелсіз негізде “B” -ден “B +” -ге дейін жоғарылатты, Компанияның шетелдік және ұлттық валютадағы кепілдіксіз рейтингісі “BB-” -дан “BB” -ге дейін және ұлттық басымдығы қамтамасыз етілмеген рейтингі “A- (kaz)” -дан “A + (kaz)” -ге дейін көтерді.
29 маусым 2020ж.	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі 01.07.2020 бастап пайдалануға берілген станциялар үшін электр энергиясының шекті тарифтерін жариялады. «ЭГРЭС-2» АҚ және «АлЭС» АҚ еншілес және тәуелді компаниялары үшін тарифтер 18% көтерілумен бекітілді. «ЭГРЭС-1» ЖШС үшін тарифтердің өсуі 0,7% құрады. «МГЭС» АҚ үшін тариф қазіргі деңгейде сақталады. Ал «ШарГЭС» АҚ үшін тариф 7,1% төмендетілді. Станциялардың тарифтердің өсуін ескере отырып - «Алматыэнергосбыт» ЖШС - 24.07.2020 электр энергиясының тарифінің 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап көтерілуін бекіту туралы хабарлама өтінімін ТМРҚД-ге ұсынды. Жоспарланған тариф 19,38 теңге/кВтс құрайды (қазіргі тарифпен салыстырғанда 13,2% көтерілуі болжамданады).
6 ай 2020 ж.	2020 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша айналым капиталын толтыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялары тобындағы екінші деңгейлі банктердегі несиелік лимиттер 10,0 млрд. теңгеге дейін көтерілді. Компаниялар тобы бойынша 2020 жылдың 6 айында несиелік лимиттердің жалпы сомасы 223,5 млрд теңгені құрайды, ал несиелік лимиттер бойынша қол жетімділіктің жалпы сомасы 157,7 млрд теңгені немесе 70,5% құрайды.
30 маусым 2020ж.	«АЖК» АҚ электр энергиясын беру және тарату бойынша бекітілген шекті тарифтердің аяқталуына байланысты, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша ТМРҚД-не 2021-2025 жылдар аралығындағы максималды ұзақ мерзімді тарифтерді бекіту туралы өтініш жіберілді. 2021 жылға жоспарланған тариф деңгейі 9,31 теңге / кВтсағ құрады, қазіргі тарифпен салыстырғанда 56% көтерілуі болжамданады. ТМРҚД өтінішті қарауға қабылдады.



«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 1ЖЖ
ҮШІН РҚ БОЙЫНША Э.Э. ЖАЛПЫ ӨНДІРУДЕГІ ҮЛЕСІ

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 1ЖЖ
ҮШІН РҚ БОЙЫНША Э.Э. ЖАЛПЫ ӨНДІРУДЕГІ ҮЛЕСІ




ЖЭС, ЖЭО э.э. өндіру көлемі (млн.кВтс)

ГЭС, ВЭС, КЭС э.э. өндіру көлемі (млн.кВтс)




Электр энергиясын жеткізу көлемдері (млн.кВтс) және желілердегі шығыстар (%)




■ э.э. жеткізу көлемдері 1ЖЖ 2019ж. ■ э.э. жеткізу көлемдері 1ЖЖ 2020ж.

Электр жеткізу желілерінің ұзындығы (км.)




■ 1ЖЖ 2019ж. ■ 1ЖЖ 2020ж.

ЭҚҰ-лардың электр энергиясын өткізу көлемі, млн кВтс




■ 1ЖЖ 2019ж. ■ 1ЖЖ 2020ж.

БОГАТЫРЬ-КӨМІРДІҢ КӨМІРІН САТУ, МЫҢ ТОННА



Есептегі Табыс пен Шығын туралы маңызды өзгерістер


Миллион теңгемен	2020ж. 1-жж.	2019ж. 1-жж.	Өзгеріс	%	Миллион теңгемен	2020ж. 1-жж.	2019 ж. 1-жж.	Өзгеріс	%
Жалғастырылатын қызмет									
① Түсім	134 770	109 545	25 226	23%	Қаржыландырудан болған кіріс	1 093	1 366	(273)	-20%
② Өзіндік құн	(103 361)	(89 836)	(13 524)	15%	Қаржыландыруға арналған шығыс	(15 736)	(16 614)	878	-5%
Жалпы пайда	31 410	19 708	11 701	59%	Өзге операциялық емес табыс/шығыс	616	619	(3)	0%
③ Жалпы және әкімшілік шығындар	(8 347)	(5 550)	(2 798)	50%	Құнсызданудан болған шығын, нетто	(3 331)	650	(3 981)	-612%
④ Тасымалдау және іске асыру жөніндегі шығындар	(4 782)	(2 310)	(2 472)	107%	БК мен ҚК пайдасындағы үлес, нетто	5 775	6 809	(1 034)	-15%
⑤ Операциялық қызметтен болған табыс/(шығын)	18 281	11 849	6 432	54%	Бағам айырмашылығы, нетто	233	118	115	98%
					КТС есептегенге дейінгі пайда/(шығын)	6 931	4 797	2 134	44%
					Табыс салығы бойынша шығыстар	(3 260)	(2 478)	(781)	32%
					Жалғастырылатын қызметтен болған таза табыс (шығын)	3 671	2 318	1 353	58%
					Тоқтатылған қызметтен болған табыс (шығын)	-	(143)	143	-100%
					Кезең ішіндегі таза табыс	3 671	2 175	1 496	69%
					Мыналарға тиесілі таза табыс:				
					Аналық компанияның акционеріне	3 739	2 043	1 696	83%
					Бақыланбайтын қатысу үлесіне	(68)	132	(200)	-152%
						3 671	2 175	1 496	69%



Түсіндірулер:

- ① Түсімнің өзгеруінің негізгі факторлары №7 слайдта көрсетілген
- ② ③ ⑤ Өзіндік құнының, жалпы және әкімшілік шығындар және операциялық табыстың өзгеруі №8 слайдта көрсетілген;
- ④ Өзгеріс негізінен 2019 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда ГРЭС-1-ден электр энергиясының экспортын арттыру нәтижесінде электр энергиясын жеткізу қызметтерінің өсуіне байланысты (1ЖЖ 2019 ж. - 4 млн. кВтс., 1 ЖЖ 2020 ж. - 459 млн. кВтс);
- ⑥ Төмендету негізінен қарыздың азаюына байланысты;
- ⑦ ТМ, ММ үшін 3,1 млрд.теңге және ПВПП үшін 0,3 млрд.теңге мөлшерінде құнсыздануды тану есебінен өсу;
- ⑧ БК мен ҚК-ден түскен табыстың өзгеруі егжей-тегжейлі №9 слайдта көрсетілген;

2020 жылдың 1 жартыжылдық қорытындысы бойынша түсім 134 770 млн. теңге құрады, өткен жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 25 226 млн. теңгеге немесе 23%-ке өсті



ТҮСІМНІҢ ӨЗГЕРУІНІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ :

Э/э и ж/э өндіру:

↑ +10 584 млн т	э/э и ж/э көлемін сату	↑ 5 139 млн т	э/э и ж/э тарифтері
↑ +3 941 млн т	Электр қуат көлемін сату	↑ +5 831 млн т	Электр қуат тарифтері

Э/э жеткізу:

↑ -334 млн т	э/э жеткізу көлемі	↑ +2 047 млн т	э/э жеткізу тарифтері
--------------	--------------------	----------------	-----------------------

Э/э сату:

↑ -1 264 млн т	э/э и ж/э көлемін сату	↑ +3 571 млн т	э/э сату тарифтері
----------------	------------------------	----------------	--------------------

ВГО әсері:

↓ -4 290 млн т	ВГО
----------------	-----

Түсімнің түрлеріне келесі негізгі өзгерістер әсер етті:

+10 584 млн теңге – э/э көлемінің өзгеруі түсімнің арттыруына әсер еткен факторлар:

- ГРЭС-1 – 9 291 млн. теңге. Электр энергиясының өсуі Қазақстан Республикасында 875 млн кВт/сағ және экспорт көлемі 455 млн кВт / сағ ұлғаюына, сонымен қатар жылу өндірісінің 30,2 мың Гкал-ға ұлғаюына байланысты;
- АлЭС – 1 060 млн. теңге. Түсімнің өсуі электр энергиясының 70 млн кВт/сағ-ға өсуіне байланысты болды, сонымен қатар жылу өндірісінің 142,7 мың Гкал-ға ұлғаюына байланысты;
- ШарГЭС - 194 млн. теңге. № 3 гидроагрегатты пайдалануға беруге байланысты сатылым көлемінің өсуі (+60 млн кВт /сағ);
- ПВЭС - 257 млн. теңге. Жел жылдамдығының артуына байланысты сатылым көлемінің өсуі (+9 млн. кВт/сағ);
- СГЭ - 16 млн. теңге. Э/э сатылым көлемінің өсуі (+0,3 млн.кВт/сағ);
- МГЭС - (252) млн. теңге. Шарын өзеніне ағуды азайту арқылы сату көлемінің төмендеуі (-35 млн. кВт/сағ).

+5 139 млн. теңге – тарифтердің өзгеруі байланысты түсімнің арттыруы:

- МГЭС – 2 189 млн.теңге. Электр энергия тарифтің 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 68%-ке өсуі (7,14-тен 12,02 теңге/кВтсағ-ға дейін);
- ШарГЭС – 1 781 млн.теңге. Электр энергия тарифтің 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 168%-ке өсуі (3,25-тен 8,72 теңге/кВтсағ-ға дейін);
- АлЭС – 1 222 млн.теңге. Электр энергия тарифтің 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4%-ке өсуі (8,33-тен 8,70 теңге/кВтсағ-ға дейін) және жылу энергия тарифтің 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3%-ке өсуі (3 345,49-тен 3 454,01 теңге/Гкал дейін);
- ПВЭС - 136 млн. теңге. Тарифтің 30,03-тен 31,62 теңге/кВтсағ-ға дейін өсуі (5%-ға) жаңартылатын энергия көздеріне тарифтерді индекстеумен байланысты;
- СГЭ на 12 млн. теңге. Тарифтің 47,86-тен 53,66 теңге/кВтсағ-ға өсуі (12% өсім).
- ГРЭС-1 - (201) млн.теңге. Ішкі нарықтағы электр энергиясына тарифтің 1%-ға және жылу тарифінің 39%-ға төмендеуіне байланысты;

+3 941 млн.теңге – электр қуат көлемінің арттыруына байланысты түсімнің өсуі:

- ГРЭС-1 – 3 718 млн. теңге. Электр қуат көлемі 501-дан 1 551 МВт-қа дейін арттыруына байланысты;
- МГЭС - 95 млн. теңге. Электр қуат көлемі 270-нен 297 МВт-қа дейін арттыруына байланысты;
- АлЭС на 132 млн. теңге. Электр қуат көлемі 812-тен 849 МВт-қа дейін арттыруына байланысты;
- ШарГЭС - (4) млн. теңге. Сатудың болмауына байланысты электр қуат көлемінің төмендеуі (сатылымдар 2020 жылғы 01 наурыз күнінен басталды).

+5 831 млн.теңге – электр қуат тарифтердің арттыруына байланысты түсімнің өсуі:

- АлЭС – 1 492 млн.теңге. №8 қазандықтың жеке тарифін алу нәтижесінде жоғарылау (70 МВт - 4 169 мың.теңге/Мвт*ай сату тарифі);
- МГЭС – 3 517 млн.теңге. Жеке тариф алу нәтижесінде жоғарылату (өсім 590-нан 2 564 мың.теңге/МВт*ай-на дейін өсуі);
- ШарГЭС - 821 млн. теңге. Жеке тариф алу нәтижесінде жоғарылату (590-нан 4 069 тыс.теңге/МВт*ай-на дейін өсуі).

+1 714 млн теңге – АЖК түсімнің арттыруы

+2 047 млн. теңге. Тарифтің 5,34 теңге/кВтсағ-тан 5,95 теңге/кВтсағ-ға дейін өсуі (11% өсім); (334) млн. теңге. Э/э жеткізу көлемінің 2%-ке дейін төмендеуіне байланысты.

+2 307 млн. теңге - АЭС түсімнің өсуі:


(1 264) млн. теңге. Э/э сату көлемінің 78,8 млн. кВтсағ-қа төмендеуіне байланысты; +3 571 млн. теңге. Сату тарифінің 16,04 теңге/кВтсағ-тан 17,24 теңге/кВтсағ-қа дейін өсуіне байланысты (7% өсім).

(4 290) млн. теңге – Ішкі топтық сатып алудың арттыруы.

2020 ЖЫЛҒЫ 1 ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫСЫН ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ҰҚСАС КЕЗЕНМЕН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА ШОЛУЫН ТАЛДАУ



Өзіндік құнының құрылымы:



2020 жылдың 1 жартыжылдық қорытындысы бойынша шоғырландырылған операциялық пайда 18 281 млн. теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 54% -ға немесе 6 432 млн. теңгеге жоғары. Негізгі өзгерістерге келесі факторлар әсер етті:

(13 524) млн. теңге – Өзіндік құны:

(3 423) млн. теңге - Отын: Көмір бағасының өсуі және ГРЭС-1 электр энергиясын өндірудің өсуіне байланысты шығындардың өсуі байқалды.

(4 873) млн. теңге - э/э сатып алу – шығындардың (5 623) млн. теңгеге өсуі ҚЕАО-дан (ЖЭК) электр энергиясын сатып алуына байланысты, соған қоса шығындардың (2 178) млн. теңгеге өсуі АлматыЭнергоСбыт бойынша электр энергиясының сатып алу көлемі мен тарифтердің өсуіне байланысты. Сонымен қатар, ВГО-ның ұлғаюы электр энергиясын сатып алу құнын 2 929 млн. теңгеге төмендетуге әкелді.


(196) млн. теңге –э/э жеткізу: «КЕГОК» АҚ-ның тарифтердің өсуі есебінен шығындардың өсуі байқалды.

(969) млн. теңге – Жалақы қоры – Индекстеу есебінен көбейту.

(4 064) млн. теңге – Басқа шығындар – амортизация мен жөндеу шығындарының артуы есебінен өсу.

(2 472) млн. теңге – Іске асыру шығындары: Өзбекстанға экспорттың өсуіне байланысты шығындар ұлғады (1 жж 2019ж. – 4,3 млн. кВтс, 1 жж 2020 ж. – 459,1 млн. кВтс);

(2 798) млн. теңге – Ж/Ө шығындар: БГЭС-дің негізгі өсімі 31.12.2019 ж. құжаттық салық тексеруінің алынған құжатына сәйкес, 01.01.2014 жылдан бастап 31.12.2018 жылға дейінгі кезең бойынша Шығыс Қазақстан бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің жүргізген кешенді аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша ҚҚС-ға қосымша салықтардың және өсімпұлдардың есебінен болды.



2020 жылдың 1-жарты жылдығы үшін үлестік табыс 5 775 млн. теңгені құрады, ұқсас кезеңге қарағанда 1 034 млн. теңгеге төмендеді

Негізгі өзгерістер:

ЭГРЭС-2 (50%) - (2 001) млн.теңге мөлшеріндегі ГРЭС-2 заланың өсуі негізінен No2 энергоблогтың жөндеуге кетуінің салдарынан операциялық пайданың төмендеуіне және сәйкесінше электр энергиясын сатудың төмендеуіне байланысты болды.

Forum Muider (50%) - Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда FM пайдасының өсуі 1 082 млн теңгені құрады, бұл негізінен 2020 жылы «ЕЭК» АҚ аумағындағы теміржолды демонтаждау кезінде кірістің 100% -ын көрсетуге және көмір бағасының (9,9% -ға) және сату көлемінің өсуіне байланысты болды.